	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Tr 017-11.05-2026
		30.04.2026 г.
Талап Нормативтік құжат түрі		Стр. 1 из 5

**«БЕКІТЕМІН»**


Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ  
ұлттық өнер академиясы қабылдау  
комиссиясының төрағасының у.м.а.

**Ш. Ерғобек**  
(2026 жылы «30» сәуір)  
№10 Ғылыми кеңес хаттамасы)



**6B02195 - «ӨНЕРТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ  
ТАЛАПҚЕРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Алматы, 2026 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Тр 017-11.05-2026
		24.04.2026 г.
Талап <u>нормативтік құжат түрі</u>		Стр. 2 из 5

**Құрастырушылар:**

1. Еспенова А.Т. – Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, PhD;
2. Ыдырыс З.А. - Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі;
3. Тұрмағанбет Ж.Е. – «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы, өнертану магистрі;
4. Джумабеков Е.Ф. – «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, PhD;
5. Борибаева Д.Д. – «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы.

«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы», «Театр өнерінің тарихы мен теориясы», «Кино тарихы мен теориясы» кафедраларының мәжілісінде талқыланды.

«10» 04, 2026 жыл, № 9, хаттама

- 1.«Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі Еркебай А.С. Еркебай А.С.
- 2.«Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі Джумабеков Е.Ф. Джумабеков Е.Ф.
3. «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі Еспенова А.Т. Еспенова А.Т.

Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінде мақұлданған.


Төраға Нұрпейс Б.К. Нұрпейс Б.К.

«13» 04, 2026 жыл, № 7, хаттама

КЕЛІСІЛДІ:

«Өнертану» факультетінің деканы Маткерим Д.А. Маткерим Д.А.

«20» 04, 2026 жыл, № 9, хаттама

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Тр 017-11.05-2026
		24.04.2026 г.
Талап нормативтік құжат түрі		Стр. 3 из 5

## «ӨНЕРТАНУ» білім беру бағдарламасы

В024 «Өнертану» білім беру бағдарламасы тобы, 6В02195 «Өнертану» білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Талапкердің толық орта білімі болу керек. Оқуға тапсырушы әлем және қазақ өнерінің тарихы жайлы біліммен қаруланып, қазіргі заманғы көркемөнер жайлы ой талғамдарын өз алдына жеткізе білуге, көркемөнер туындыларын (бейнелеу өнері, әдебиет, музыка, театр, кино, драматургия, сценарий) талдаудың алғашқы машықтарын игеруге міндетті. Сонымен қатар талапкердің әлем және Қазақстан өнері жайлы, оның түрлері мен ерекшеліктері туралы, заманауи даму сипаты жөніндегі түсініктерді қамтитын жалпы көркемдік білімі болуы керек. Компьютер тілін меңгеріп, мемлекеттік тілді жетік білуі қажет. Ағылшын тілін меңгергендерге басымдылық беріледі.

### I. Оқуға түсуші үміткердің білім деңгейіне қойылатын талаптар:


**Хабары болуы керек:** өнертанудың негізгі салаларынан; өнердің түрлері (бейнелеу өнері, әдебиет, музыка, театр, кино, драматургия, сценарий) мен жанрларының даму сипатынан; танымал тұлғалар шығармашылығынан;

**Білуі шарт:** әлемдік және отандық өнердің жалпы тарихын, қалыптасу және даму заңдылықтарын, суреткер тұлғалардың шығармашылық үрдіс ерекшеліктерін, әлем және қазақ өнерінің тарихынан танымал кескіндемешілердің, мүсіншілер мен графиктердің, қолөнершілердің, киногерлер мен кинотанушылардың, сахнагерлер мен актерлердің, режиссерлер мен драматургтердің, киносценаришілердің шығармашылықтарын;

**Қабілетті:** жеке өнер туындыларына (картина, мүсін, пьеса, спектакль, фильм, әңгіме) формальдық талдаулар жасауға; қазақ өнерінің бүгінгі жағдайына пікір айтуға; әлемдік және қазақ өнері туындыларын сипаттауға және салыстырмалы талдаулар жасауға.

**Дағдысы бар:** заманауи өнер туындыларын жеке көзқараспен талдау жасауға, қазақ өнерін өнертану салалары аясында тұжырымды бағалауға, өнер мәселелері бағытында пікірталас жүргізуге.

Талапкерлерге қабылдау емтихандарына дейінгі аралықта мамандық бағытында кеңес беру сағаттары арнайы кесте бойынша ұйымдастырылады. Кеңес беру сағаттарында бейнелеу өнерінің жеке туындыларына рецензия

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Тр 017-11.05-2026 24.04.2026 г.
	Талап <u>нормативтік құжат түрі</u>	Стр. 4 из 5

жаздырылады. Талдау сағаттары ұйымдастырылады.

### **Шығармашылық емтихандар:**

1. Жазбаша емтихан (3сағ). Өнердің жекелеген туындыларын (кескіндеме, мүсін, пьеса, спектакль, фильм, сценарий, әңгіме) сипаттау және талдау. Талдау мазмұны бейнелерді, идеяны, тақырып пен сюжетті сипаттаудан және көркем туындының жанрлық ерекшелігін, материал мен орындау техникасын анықтаудан тұрады.

2. Ауызша емтихан (билет бойынша). Билеттер өнердің (бейнелеу өнері, әдебиет, музыка, театр, кино, драматургия, сценарий) түрлері мен жанрларына қатысты, әлем және Қазақстан бойынша оның даму барысына негізделген сұрақтардан жүйеленіп талапкердің көркемдік білімін айқындайды.

### **Жазбаша емтихан талаптары:**

Рецензия жазу барысында талапкер емтиханға таңдап алған өнер туындысын түсінуде өзіндік пікірін білдіріп, туындының құрылымдық ерекшелігін айқындап, шығарма авторларының идеясын, тақырыптық, мазмұндық деңгейін аша білуі шарт. Жазбаша жұмысты бағалау барысында туындының көркемдік ерекшелігіне, оның жалпы өнердің даму контекстіндегі маңызын біліп, ойын логикалық тұрғыда еркін жеткізіп, ұстанымын сенімді дәлелдей алуы қажет. Рецензияның жазылуында әдеби көркем тіл ерекшелігіне, мамандыққа деген қызығушылығына назар аударылады. Кинотеледраматургия бойынша әңгіме құрастырудың драматургиялық заңдылықтарын меңгеру деңгейі мен көркем мәтін құрастырудағы қабілеті ескеріледі. Жазбаша жұмыс көлемі – 3 бет.


### **Ауызша емтихан (билет бойынша).**

Талапкердің бейнелеу өнері, театр, әдебиет, бейнелеу өнері, музыка салаларынан жалпы білім деңгейі айқындалады. Ауызша емтихан барысында талапкердің ойлау өрісі және таңдап отырған мамандығының әлеуметтік, эстетикалық қажеттілігі бойынша білім деңгейі анықталады.

### **Ауызша емтихан талаптары:**

#### **Талапкер білуі керек:**

- көркемөнердің (бейнелеу өнері, театр, кино, әдебиет, музыка, драматургия) даму заңдылықтарын;
- көркемөнер саласындағы елеулі оқиғалар мен құбылыстар жайында ауызша пікір айта алуы керек;

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	Тр 017-11.05-2026
		24.04.2026 г.
Талап <u>нормативтік құжат түрі</u>		Стр. 5 из 5

- өнер туындыларына құрылымдық сыни талдаулар жүргізуді;
- әлем және қазақ өнерінің танымал тұлғаларын, заманауи кезеңдегі суретшілер, режиссерлер, актерлер, киногогерлер, сахнагерлер, ақын-жазушылар, өнер тұлғаларының шығармашылықтарын.